

О. Қабадайы<sup>1</sup>, М.С. Садықова<sup>2\*</sup>

<sup>1</sup>Ахи Евран университеті Кыршехир, Түркия

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

\*e-mail: [m.serikqyzy@tilbilimi.kz](mailto:m.serikqyzy@tilbilimi.kz)

## ҚАЗІРГІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ СӨЗСАПТАМЫ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

(лексика-фразеологиялық деңгей бойынша)

**Аннотация.** Мақалада қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптаманың ерекшеліктері, олардың лексика-фразеологиясындағы өзгерісі қарастырылады. Біз бұл мақаламызда қазақтың дәстүрлі сөйлеу жүйесі мен қазіргі қазақ тілінің сөйлеу жүйесін лексика-фразеологиялық деңгейде салыстыра отырып, тіліміздегі өзгерістерді көрсетуді мақсат еттік. Қоғамның дамуымен бірге дамып, бірге өзгертін тілдің лексика-фразеологиялық деңгейінде екі сөзсаптамда жер мен көктей айырмашылық бар. Бірыңғай қазақи ортада қоныстанған жасы үлкен адамдардың тілі 2000 жылдан бері туған қазақ азаматтарының сөйлеу ерекшеліктерімен салыстыра отырып талданды. Нәтижесінде жас буынның ауызша тілінде көбіне жазба тіл нормасы сақталғандығы, сөзді қалай жазылса, солай айтатындығы, тіпті қазақ тілінің нормасына жат жаңа құбылыстар пайда болып жатқандығы байқалды. Тұрақты оралымдармен сөйлеу, мағынаны астарлап беру, сөздерді төгіліп тұратын өлең сияқты ұйқаспен тізу, аз сөзге көп мағына телу – қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптамасына тән нормалар. Бұл ерекшеліктер ата буынның тілінде көп кездесті. Жастар тілі керісінше қасаң, жұтаң, өзге тілден енген сөздер араласқан, сезімнен гөрі нақтылыққа бағытталған. Сондай-ақ жастар тілі мүлде қасаң тартып, қысқа қайырылатын сөздер мен тіркестерге ауысып, қысқа да нұсқа сөйлейтін ұрпақ тілінде мәнерлілік азайып келе жатқандығы жан-жақты қарастырылды. Тілдегі бұндай өзгерістер дәстүрлі грамматикалық жүйеге, тілдік білімі жоғары деңгейде дамыған тіл тұтынушыларының сөзсаптам дағдысына сәйкес келмейтіндігі көрсетіліп, қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптаманың өзгергендігі, ұлттық, дәстүрлі сипатынан ажырағаны туралы айтылады.

**Тірек сөздер:** қазақ тілі, ұлттық әдеби тіл нормалары, сөзсаптам, лексика-фразеологиялық деңгей, дәстүрлі сөз.

О. Қабадайы<sup>1</sup>, М.С. Садықова<sup>2\*</sup>

<sup>1</sup>Университет Ахи Евран, Кыршехир, Турция

<sup>2</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

\*e-mail: [m.serikqyzy@tilbilimi.kz](mailto:m.serikqyzy@tilbilimi.kz)

## СОВРЕМЕННАЯ И ТРАДИЦИОННАЯ КАЗАХСКАЯ РЕЧЬ: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ

(по лексико-фразеологическому уровню)

**Аннотация.** В статье рассматриваются особенности традиционной лексики казахского языка, их изменения в лексико-фразеологическом слое. Язык пожилых людей, живущих в единой казахской среде, был проанализирован в сравнении с речевыми характеристиками граждан Казахстана, родившихся с 2000 года. На лексико-фразеологическом уровне языка, развивающегося вместе с развитием общества и меняющегося вместе, в двух словообразованиях есть большое различие. В результате было отмечено, что в устной речи подрастающего поколения часто соблюдается норма

письменной речи, слово произносится так, как оно написано, и даже возникают новые явления, чуждые норме казахского языка. Речь с постоянными оборотами, подчеркивание смысла, сонное перечисление слов как разлитых стихотворений, вкладывание большого значения в меньшее слово – нормы, характерные для традиционной лексики казахского языка. Эти особенности встречались у пожилых людей в большом количестве. Язык молодежи, напротив, смешивается с другими словами, направленными на ясность, а не на чувство. Также было подробно рассмотрено, что язык молодых людей становится все более сложным, переходя на короткие слова и фразы, а выразительность языка поколения, которое говорит коротко и лаконично, уменьшается. Показано, что такие изменения в языке не соответствуют традиционной грамматической системе, речевым навыкам языковых потребителей с высоким уровнем языкового образования, и указывают на то, что традиционная речь казахского языка изменилась, отделилась от национального и традиционного характера.

**Ключевые слова:** казахский язык, нормы национального литературного языка, лексика, лексико-фразеологический уровень, традиционная речь.

**O. Kabadaiy<sup>1</sup>, M. S. Sadykova<sup>2\*</sup>**

<sup>1</sup>Ahi Evran University, Kirshehir, Turkey;

<sup>2</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

\*e-mail: m.serikqyzy@tilbilimi.kz

## **MODERN AND TRADITIONAL KAZAKH SPEECH: COMPARATIVE ANALYSIS** (according to the lexico-phraseological level)

**Abstract.** The article discusses the features of the traditional vocabulary of the Kazakh language, their changes in vocabulary and phraseology. The language of older people living in a single Kazakh environment has been analyzed in comparison with the speech characteristics of Kazakh citizens born since 2000. As a result, it was noted that in the oral language of the younger generation, the norm of written language is often observed, the word is pronounced as it is written, and even new phenomena are emerging that are alien to the norm of the Kazakh language. It was also considered in detail that the language of young people is becoming increasingly difficult, changing to short words and phrases, and the expressiveness of the language of the generation that speaks in a short and concise manner is decreasing. It is shown that such changes in the language do not correspond to the traditional grammatical system, the speech skills of language consumers with a high level of language education, and indicate that the traditional speech of the Kazakh language has changed, separated from the national and traditional character.

**Keywords:** Kazakh language, norms of the national literary language, vocabulary, vocabulary and phraseological level, traditional speech.

### **Кіріспе**

Біз бұл мақаламызда қазақтың дәстүрлі сөйлеу жүйесі мен қазіргі қазақ тілінің сөйлеу жүйесін лексика-фразеологиялық деңгейде салыстыра отырып, тіліміздегі өзгерістерді көрсетуді мақсат еттік.

Қоғамның дамуымен бірге дамып, бірге өзгереді тілдің лексика-фразеологиялық деңгейінде екі сөзсаптамда жер мен көктей айырмашылық бар.

Тілдің сөздік құрамының толығыуы, кейбір актив сөздердің пассив сөздер қатарына, ал кейбір пассив сөздердің уақыт өте келе актив сөздер қатарына қосылуы, жаңа сөздердің жасалуы, дамуы, тіпті кейбір ескірген сөздердің одан шығып қалуы – тіл атаулыға тән жалпы заңдылық. Тілде ұлттың белгілі бір кезеңдегі салт-дәстүрі, ұлттық болмысы,

элеуметтік санасы, тұрмыстық ерекшеліктері көрініс табатыны белгілі. Қоғам дамуы барысында адамның мінезі, айналысатын кәсібі, жейтін тамағына дейін өзгереді. Ал мұндай өзгерістер ойдың өзгеруіне, ойдың өзгеруі тілдің өзгеруіне әкеп соғады. Қазіргі заман ғылым мен технологияның қарыштап дамып, өте жоғары деңгейге жеткен шағы болғандықтан, адам өмірін жеңілдететін көптеген жаңа заттар, мамандықтар пайда болып, солардың әрқайсысына қатысты жаңа сөздер дүниеге келуде. Ал біз қолданбайтын сөздер тілдік қорымыздан шығып қалып жатыр.

Қоғамда болып жатқан өзгерістер алдымен тілге енеді, артынша ұлттық сананың өзгеруіне алып келеді. Төменде студенттердің жазған мақаласынан алынған қате құрылымдарды көрсеттік. *Адам баласының тарихында 70 миллиардтаған жандар дүниеге келіп, олардың басым көпшілігі қара басынан аса алмай өмір кешті.* Көптік жалғауын жалғаудың да өзіндік ережесі бар. *Халықтар, он екі адамдар, он кітаптар, жиырма екі сиырлар, отыз екі тістер* сияқты құрылымдар да қазіргі тілімізде өте жиі кездеседі. Көптік жалғаудың сан есімге тән аффикске жатпайтыны әркімге белгілі. Сан есім тіркескен зат есімге қазақ тілінде көптік жалғау жалғанбайды, өйткені заттың көптік мәні сан есімнен көрінеді. *Тіл жайлы жазған мына бір сөздері үлкен ой-толғаныс әрі қобалжу тугызады.* Дәстүрлі қазақ сөзсаптамасында *көңіліне қобалжу кіру, көңіліне қобалжу салу* деп қолданылады. *Қазақ тілінің салаларын терең зерттеп әртүрлі салаларда аз ғана ғылымға арнаған ғұмырында құнды еңбектер жазды; Биыл 150 жылдығы республика ғана емес, әлемдік деңгейде атап өтіліп жатырған Алаш орда жетекшісінің «халық жауы» деп жабылған айыбы өзі өмірден өткеннен кейін 51 жылдан соң ақтала сала, терең философияға толы еңбектері біртіндеп жарыққа шыға бастады.* Бұл сөйлем тыңдарманның миына салмақ салып, жалықтырып жібереді. Бұндай сөйлемдер де қазіргі сөзсаптамада өте жиі кездеседі. Ал ұлттық сөзсаптаманымыз бойынша қазақ қысқа сөйлеуге тырысқан. Бұндай шеберлік қазақтың дәстүрлі сөзсаптаманың басты ерекшеліктерінің бірі. Аз сөзбен көп мағына бере алу, ойындағы нәрсені тәптіштеп түсіндірмей, бергі жағын ғана айтып, қалғанын тыңдарманның/оқырманның танымына қалдыру қазақтың ұлттық мінезінің ерекшелігі.

Р. Сыздық: «Тіл қолданысындағы қателерді көрсету үшін олардың дұрыс болуға тиісті базасын тану қажет, тілдік жүйені, ол жүйеге сай қалыптасқан нормаларды айқындап алу шарт», – екенін айтады. Сол себепті қазақтың дәстүрлі сөйлеу нормасы қандай болды, уақыт өте келе қандай өзгерістерге ұшырады деген сұрақтарға жауап іздеу үшін бірыңғай қазақи ортада қоныстанған жасы үлкен адамдардың тілі 2000 жылдан бері туған қазақ азаматтарының сөйлеу ерекшеліктерімен салыстырдық.

### **Материал және әдістер**

Тақырыпты зерттеуде талдау, жинақтау әдістері және көрнекті ғалымдар ұстанымдарына сүйене отырып, тиісті ғылыми қорытындыға қол жеткізу көзделді.

Тарих толқынында тіліміз алуан түрлі сыртқы, ішкі факторлардың әсеріне ұшырап, сөз саптамасы, яғни ойды жарыққа шығарудың грамматикалық, стильдік, этикалық нормасы өзге тілдердің әсеріне шалдыққан, орыс тілінің грамматикалық жүйесі мен сөйлеу стилі араласқан, сана тұшынып қабылдай алмайтын өзінің дәстүрлі сөйлеу нормасынан қол үзіп бара жатқан, «жасанды қазақ тілі», «аударма қазақ тіліне» айналып келеді. Қазіргі қазақтың өзінің дәстүрлі шешендігінен айырылып қалуының бір себебі, біздің ойымызша, жазба тілдің арқасы немесе кесірі. Ал қазақтың жазба тіліне, әсіресе аударма тілі және өзге тілдің сөзсаптамасы әсер етті. Аз сөзділіктің көпсөзділікке айналуы орыс тілімен етене араласқан кезеңнен бастау алатындығын Қ. Күдерінова өз еңбектерінде айтып жүр.

Осы күні, А. Байтұрсынұлы айтқандай, ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіре алатын адам азайды. Ойды осылай жеткізе алғанда ғана тіл шама қадырынша жарайды.

Сонда ғана тілдің басты міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау жүзеге асар еді.

Айналамыздағы адамдардың сөз қолданысынан жағымды, жағымсыз, этикалық, эстетикалық, зияткерлік, психологиялық, т.б. бағалау категориялары көрінеді. Яғни, ұлтқа тән тілдік, мәдени, танымдық, аксиологиялық категориялардың барлығы сөйлеушінің сөзінен, ниетінен, діттемінен көрініп тұрады. Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен халқымыз ежелден сөз өнерін, сөздің құдіреті мен киесін аса жоғары бағалап, адамның сөзіне қарап оның қандай екенін таныған. Кез келген адам ойын өзгеге дұрыс, тиянақты, анық жеткізуге тырысады. Сол үшін сөйлер сөзін адресаттың біліміне, ұлтына, әлеуметтік дәрежесіне қарай түрліше жеткізеді. Сөзі неғұрлым жинақы, анық, әуезді, таза болса, соғұрлым ол сөз тыңдалады, тыңдарманға жетеді, тыңдарманын жалықтырмайды.

«Сөздің асыл болуы ұнауымен. Сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, сөз мағына жағының күштілігімен жағады. Сөз көркемдігі әуезінің әдемілігі мен кестесінің келісті болуынан табылады» – дейді А. Байтұрсынұлы.

Байқап отырғанымыздай, біздің сөйлеуіміздегі ерекшеліктер, дәстүрлі сөз саптауымыз, тіліміздегі ұлттық колоридтер туралы айтқанда *аз сөзділік, әуездің әдемілігі, тауып сөйлеу, өткірлік, сөз төркіні айқын, дәлме-дәл мағына береді, сөздер мен тіркестер құрылымында белгілі бір әуен-ырғақпен ерекшеленеді, өз шаруасын жете түсіндіреді, көңілге сипат жағының көркемдігі, мағына жағының күштілігі* сынды тіркестерді естиміз. Демек, қазақ осылай сөйлеген, дәстүрлі қазақ сөз саптамы осындай болған.

Соның нәтижесінде жастар қашанда жаңалыққа, түрлі өзгерістерге, ерекше стильге ұмтылады. Жастардың бойындағы жаңашылдықтың көріністерін тек қана олардың киім киісінен, шаш үлгісінен, өзін-өзі ұстауынан ғана емес, сонымен қоса сөйлеу тілінен де байқаймыз. Осы көріністер арқылы жастардың таным түсінігі мен жалпы қоғамның тынысын біле аламыз. Мысалы, 17-32 жас аралығындағы жастардан еркін тақырыпта алынған сұхбаттағы сөйлеу машығынан бірер мысал келтірейік: *«Қазір біз платформа жасаймыз. Ол платформа білім саласындағы услугаларды автоматтандырады. Білім орталығынан направление алады. Ата-аналар e-gov арқылы кезекке тұра алады (сұхбат беруші 1997 жылы туған, қазақтілді, жоғары білімді). «Физиканы таңдап балл алып алдық та, одан кейін әрі қарай физикаға келетін мамандықтарды, содан кейін қарадық та уәже, ЕНТ-ны тапсырып болғаннан кейін. Осы web саласына, енді IT бітіргеннен кейін біраз салаға кетуге болады, програмист боласың ба, басқа аналитик боласың ба, көп салалар бар, мен сол web саласына кеткем. Содан бері web програмист болып жұмыс істеп келе жатырмын. Сайтта жұмыс істеп жатырмын. Ата-ана мен бала-бақшалардың арасында тікелей қарым-қатынас болмайды, барлығы онлайн, сайт арқылы істеледі»* (сұхбат беруші 1990 ж. т., қазақ тілді). *«Мектеп кезінде үздік оқушылардың қатарында болдым, ал универде... тоже былай үздіктер қатарында болдым. Өзім қазір программированием айналысам, веб разработка (сұхбат беруші 1996 ж.т., қазақ тілді).* Жастар тілінде жаңа терминдер көп, сонымен бірге орыс тілінің сөздері аралас жүруі бүгінгі қазақ жастарының қалыпты сөзсаптамы болып отыр.

### Әдебиетке шолу

Жас буын өкілдерінің тілінде кездесетін тағы бір ерекшелік сөздерді қысқартып айту. Мұны әсіресе кісі есіміне қатысты жиі қолданады, мысалы есімі *Нұрлан* болса – *Нурик*, *Назерке* болса – *Наз* деп қолдану. *Универ* сөзі соған мысал. Бұның тағы бір себебі жастар арасында кірме сөздерді сол тілдегідей дыбыстау белең алуда, университет сөзін де ағылшын тіліндегідей дыбыстап ауызекі сөйлеуде *универ* дейді. Қазір тілімізге еніп жатқан сөздердің көпшілігі ағылшын тілінен енген сөздер және ол сөздер түпнұсқадағы жазылуы мен айтылуы бойынша еніп жатыр. Оған тағы бір мысал: *«Осындай вакансия бар екен, именно call центрге деді (сұхбат беруші 1997 жылғы, қазақ тілді). Call центр* сөзі



осы күні тілімізге орныққан тіркестердің бірі. Тілімізде сөздерді ағылшын тіліндегідей дыбыстау ғана емес, ағылшын тіліндегідей жазу да кездесіп жүр.

Ал жасы үлкен адамдардың сөйлеуінде өз кезеңінің ерекшеліктері көрінді және тілінде үйреншікті лексика ретінде айтылатын, ал біздерге түсініксіз көптеген сөздерді естідік. Мысалы, *тәрте, кетпен, тезек, иінағаш, қазандық, көтерем боп қалу, бесік құда* деген сияқты 300-ге жуық көне сөздер мен тіркестерді жазып алып, мағынасын сұрап отырдық. Бұл сөздердің кейбіреуі Қазақстан лексикографиясына жаңадан ілігіп отыр.

Қоғам өмірінде болып жатқан өзгерістер тілге әсер етіп отырады. Әсіресе оның лексикасы өзгеріске неғұрлым бейім, неғұрлым сезімтал келеді. Тіл адамның барлық жұмыс саласындағы іс-әрекетімен түгелдей байланысты болғандықтан, сөздік құрам қоғам өмірінде не бар соны дереу және тікелей көрсетіп отырады (Қалиев, Болғанбаев, 2006).

Қарыштап дамып жатқан замандағы қоғамда болып жатқан түрлі өзгерістер, ақпараттар ағымы, әлеуметтік желілер, медиа кеңістіктің өркендеуі адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынастың әлсіреуіне әкелді. Асықпай отырып, от басы, ошақ қасында айтылатын әңгіме азайды. Бұндай өзгерістер дәстүрлі сөзсаптамаға өз әсерін тигізді.

Мысалы, жасы үлкен кісілер қазақтың дәстүрлі сөзсаптамасына сай *біз* деп сөйлеу, *кішігірім мақала жазатынымыз бар, бұл жаман атаңның бойында не қауқар қалды дейсің, сендер, жастар, жақсырақ білесіңдер ғой* деп өзінің жетістіктерін кішірейте көрсету, өзін тыңдарманынан төмендете көрсету сынды ерекшеліктері кездессе, жастар тілінде керісінше *мен сүйттім, мен үздік болдым, мен мықты болған соң жұмысқа алды* деп сөйлеу жиі кездеседі екен. Жастардың индивидуалдылыққа, өзіндік пікір мен көзқарасқа ұмтылатыны, өзінің жеке көзқарасын өзгелерге де танытуға, иландыруға тырысатындығы байқалады. Қазіргі қазақ жастары алдыңғы буынға қарағанда креативтілік пен жеке ойлау қасиеті басым болғандықтан, өзгенің пікіріне, ұстанымы мен көзқарасына, қоғамдық ортақ қағида мен ережелерге мойынсына бермейді. Сұхбат барысында жастардың *мен жақсы оқыдым, мен үздік студент болдым, мен жақсы жұмыс істеген соң..., мен ойлаймын* деп, *мен* сөзін өте жиі қолданатынын байқадық. Ал үлкен кісілердің тілінде керісінше *біздің ойымызша, біз туған өлкеде, біздің жақтың адамы, мақала жазатынымыз бар* деп сөйлеу жиі кездескен. Өйткені қазақтың дәстүрлі сөзсаптамасында өзінен үлкен адамға «*сен*» деп сөйлемеген, көпшілік ортада, үлкен кісілердің алдында өзі жайлы айтқанда «*мен*» демей «*біз*» деген. Халқымыздың бұндай ерекшелігін ХІХ ғасыр соңында қазақтар арасында болып, қазақ тілін жетік меңгерген, қазақ мәдениетімен етене таныс болған түркітанушы, Санкт-Петербург университетінің профессоры П.М. Мелиоранский өзінің 1894 жылы жарық көрген «Краткая грамматика казак-киргизского языка» атты еңбегінде атап өтеді: «Қырғыздар (қазақтар) тыңдаушысына құрмет көрсеткендіктен, сыйлағандықтан өзі жайлы айтқанда «*мен*» деудің орнына «*біз*» сөзін жиі қолданады» (Мелиоранский, 2011: 47). Осындай пікірді Н. Ильминский де айтады (Ильминский, 1860: 25). А. Байтұрсынұлы: «Сыпайылап сөйлегенде сөйлеуші өзін «*мен*» деудің орнына «*біз*» дейді, «*сен*» деудің орнына «*сіз*» дейді, бөгде кісіні «*ол*» деудің орнына «*о кісі*» (*ол кісі*) дейді (Байтұрсынұлы, 1927: 144), деп көрсеткен. Сонда халқымыз көпшілік ортада «*мен, мен*» деп сөйлеуді әдепсіздікке балаған. Егде жастағы кісілердің тілінде өзі жайлы айтқанда *біз* есімдігін жиі пайдаланса, бүгінгі қазақ жастары «*мен*» деп сөйлегенді норма санайды.

### Нәтижелер және талқылау

Тоқсан ауыз сөздің мәнін тобықтай түйінмен аңғартатын фразеологизмдер, образды оралымдар – ұлттық тілдің мақтанышы. Ана тіліміз фразеологизмге өте бай. Тұрақты тіркестер бүтін тұрған тілдік материал ретінде пайдалануға оңтайлы және өзіндік бейнелілік, экспрессивті-эмоциялық қасиеттермен тілге оралымды болып отырады.

Сұхбат барысында тұрақты сөз тіркестерін пайдалану жастарда мүлде кездеспесе, жасы үлкен кісілердің тілінде жиі кездесті. Мысалы, сұхбаттасқан жасы үлкен

қариялардың тілінде екі сөзінің бірі тұрақты оралымдар болып отырды десек, артық айтқан болмаймыз. Респонденттер бұны әдейі, мақсатты түрде қолданайын демеді де, дағдылы сөз қолданысы осы болды. Мысалы, *адам шеті үзілмеу* (адам көп жиналу, келу), *бір қора* (өте көп), *көзімдей көріп жүр* (естелік болсын), *сексеннің сеңгіріне келу* (сексен жасқа толу), *тұз-дәмін тату* (шындығында, бұл тіркес *дәм-тұзын тату* болу керек еді, алайда сөйлеуші *тұз-дәмін татып* деп инверсия тәсілі арқылы үстеме мағына, өзгеше рең беруге тырысты. Өмірдің тәтті күндерінен гөрі тұщы күндерін көбірек көргендігін осы бір ғана тіркестің аясына сыйдырды деп ойлаймыз); аталы, баталы сөздер (мағыналы, мәнді, орынды сөздер), маңдай тер, табан ет (адал еңбек), жасарын жасадым, асарымды асадым (көп өмір сүрдім), ұрпағымен мың жасад(ы) (атақты болды), өлім аузында (жағдайы мүшкіл), темірден түйін түйетін (шебер, қолынан көп іс келетін адам), үдере көшті (жаппай көшу), бұру келу (басқа жолмен жүру), 17 үй (17 отбасы), «осы қалай, осы қалай деген» (таңдаулы), «құры жоқ», тегін емес адамдар (ерекше қасиеті бар, дарынды, талантты адамдар), сәлем беру («көбіне жасы үлкен кісімен немесе алыстан келген кісімен амандық-саулық сұрасып, арнайылап үйіне бару, әңгімелесу), төбесіне бұлт ойнайды (ерекше қабілеті, қасиеті білінеді), елінде тұру (бірыңғай отырған бір рулы елді айтқаны), құн алу (өтіп кеткен қарызын алу), ұлтанды ел (бір қауым ел), аяқжетер жер (алыс емес), аяқ жолын көру (көзі аздап көреді), елдің аузына түсіп жүрген кез (енді, енді танымал бола бастаған кезі) деген сияқты тіркестер сөйлеушілердің әр сөйлемінде кездесті. Бұл тіркестерді бүгінде оқыған, қызметі бар, жасы үлкен белді қоғам мүшелерінің де сөзінен таба алмаймыз.

Мысалдардағы *аталы сөз, үдере көшу* тұрақты қолданыстарының компоненттерінің арасына сөйлеуші сыналап сөз қосып, *аталы, баталы сөз, үдере бері қарай көшу* деп түрлендірген. Бұндай құбылыс фразеологизмдегі дистант құбылысы деп аталады және ол тілімізде бұрыннан бар құбылыс. *Табан ет, маңдай тер, жасарын жасау, асарын асау, ұрпағымен мың жасау, өлім аузы, жанын алу, темірден түйін тую* сияқты фразеологизмдер сөйлеушінің сөзіне эмоционалдық реңк бере отырып, тыңдарманын одан әрі ынтықтыра түседі. Фразеологизмдер тілдік қарым-қатынаста ойдың нәрін арттырып, эмоционалдық бояуын күшейтіп, оның әрі мейлінше бейнелі, мәнерлі жеткізілуіне қызмет етеді.

Ауызекі сөйлеу стилінде адамдар дайын сөздермен дайындықсыз сөйлейді, фразеологиялық тіркестер айтушының аузына жиі оралады, сондықтан дайын тілдік единица ретінде қолданылады. Бірақ қазіргі қоғамда жүзбе жүз тілдесуден гөрі экранның арғы жағында отырып, әлемнің кез келген бұрышындағы адаммен тілдесу жиі әрі оңай болды. Ал ғаламторда әдеби тілдің нормаларын сақтап отырып сөйлесу мүмкін еместігі түсінікті. Ғаламтор тілі тез әрі жылдам қарым-қатынасқа қолайлы тіл. Сондықтан болар қазіргі жастар тілінде фразеологиялық тіркестерді қолдану мүлде кездеспейді десе де болады. Бір бірімен хат алысу барысында түрлі смайликтерді қолдану, алдын ала жасалған дайын шаблондарды пайдалану, дайын бейнероликтерді жібере салу, уақыттың тапшылығы, ақпараттардың сәт сайын толассыз келіп жатуы, қоғамның қарыштап тез дамып жатуы адамның ойлау қабілетін төмендетіп, тілінің қасаң, қысқа, жұтаң тіл болуына алып келуде. Қазіргі жазба әдеби тілдің қатталған беттерінде қалып бара жатқан фразеологизмдерді бүгінгі ұрпақ тілінен жиі ұшырату қиын. Қазіргі қазақ ұлтының /жастарының/ ойы терең болғанымен тілі жұтаң. Ал жастар тілі мүлде қасаң тартып, қысқа қайырылатын сөздер мен тіркестерге ауысуда. Өмір ағыны дәуір екпінінің әсерінен асығыс, қысқа да нұсқа сөйлейтін ұрпақ тілінде мәнерлілік азайып келеді. “Сөзі мірдің оғындай”, “тілінің майын тамызып”, “өткір тілді” шешен сөйлейтіндер бұрынғының қазағы болып елестейтіндей (Смағұлова, 2010).

### **Қорытынды**

Қазақ тілі сөзсаптамасындағы кейбір өзгерістер Қазақстанда қазақ тіліне баламалы тіл – орыс тілінің ұғымдары мен грамматикалық құрылымын қазақ тіліне көшіріп қолданудан

және қазақ тілін төмен деңгейде білушілердің саны көп болуына байланысты олардың нормаланып кетуінен қалыптасты.

Қазақ тілі сөзсаптамының өзгерісі, тілдің грамматикалық жүйесі тікелей мәдениетке, қоғамдағы материалдық-рухани құндылықтарға тәуелді болады. Жаңа сөз, жаңа ұғым, жаңа түсінік тілден жаңа құрылымдар талап етеді.

Тілдің дамуы немесе дәстүрлі нормадан өзгеру құбылысы сол тілді өз деңгейінде білмейтін адамдар тобының көп болуы себебінен де туындайды.

Қоғамда, әлемдік кеңістікте ауызша тілден жазба тілдің рөлінің артуы – ауызша сөзсаптамның бұзылуына немесе әлсіреуіне себеп болатын негізгі факторлардың бірі.

Тіл білімінде тілдің грамматикалық жүйесі ең баяу өзгертін тіл деңгейі саналады. Ондаған ғасырмен өлшенеді. Қазақ тілінің грамматикалық жүйесінде соңғы жүз жыл ішінде пайда болған өзгерістер қазақ ұлтының ойлау жүйесіндегі аса күрделі трансформацияның болғанын дәлелдейді.

Толып жатқан себептердің әсерінен тілде, әсіресе, сөйлеу тілінде, өзгерістер, жаңартулар болып жатады. Қолданыла келіп, олардың кейбірі мағыналық жүк, стильдік қызмет бөліседі. Немесе экспрессиялық рең алып, тілдің сөз байлығын молайтып, орамдылығын арттыра түседі. Алайда даму, өзгеру тәрізді заңды құбылыстың шылауында жүрген жөнсіз жаңарту, орынсыз өзгертуден тіл қолданысымыз құлан-таза дей аламыз ба? Ауызекі тіл – «полигон». Небір өзгеріс, жаңғыртудың кіндігі алдымен заңдыларының әдебиленуі де, заңсыздарының дағдыға айналып, тіл шұбарланып, ала-құла із тастауы да ықтимал. Бұл – жалпыға белгілі қағида (Уәли, 1982).

Сөзге қонақ берген қазақта сөз әдебі бірінші орында болған. Ал ұлттық әдеп нормаларынан қалыптасқан қазақы сөйлеу әдебі ұлттық таным мәдениетімен, яғни когнитивті мазмұнмен, ұлттық мінез, ұлттық болмыспен астасып жататын күрделі дүние.

М. Қашқари «Әдеп басы – тіл» дейді. Көркем сөйлеу арқылы көркем мінез қалыптасады. Әрбір жеке тұлға сөзді мәнерлеп сөйлеп, келістіріп айтып, сөз әдебін сақтап, сөзді мәдениетті түрде қолдана білсе, әдеби тілдің деңгейі де соғұрлым биік болмақ. Ана тілі шұбарланса ой көмескіленеді, мәдениет ақсайды, ұлттық болмыс әлсірейді.

«Сөздің асыл болуы ұнауымен. Сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, сөз мағына жағының күштілігімен жағады. Сөз көркемдігі әуезінің әдемілігі мен кестесінің келісті болуынан табылады (Байтұрсынұлы, 1927). Ұлттық сөйлеуіміздегі ерекшеліктер, дәстүрлі сөз саптауымыз, тіліміздегі ұлттық колориттер туралы айтқанда *аз сөзділік, әуездің әдемілігі, тауып сөйлеу, өткірлік, сөз төркіні айқын, дәлме-дәл мағына береді, сөздер мен тіркестер құрылымында белгілі бір әуен-ырғақпен ерекшеленеді, өз шаруасын жете түсіндіреді, көңілге сипат жағының көркемдігі, мағына жағының күштілігі* сынды тіркестерді естиміз. Демек, қазақ осылай сөйлеген, дәстүрлі қазақ сөз саптамы осындай болған. Ал тұрақты оралымдармен сөйлеу, мағынаны астарлап беру, сөздерді төгіліп тұратын өлең сияқты ұйқаспен тізу, аз сөзге көп мағына телу – қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптамына тән нормалар. Бұл ерекшеліктер ата буынның тілінде көп кездесті. Жастар тілі керісінше қасаң, жұтаң, өзге тілден енген сөздер араласқан, сезімнен гөрі нақтылыққа бағытталған (ал қазақ қоғамында сөзден ләззат алу, рахаттану, әңгіме тыңдау мәдениеті болған). Бетпе бет сөйлесуден гөрі онлайн сөйлесу жиірек орын алатын қоғамда бұлай сөйлеу қалыпты әрі ыңғайлы болып қалды. Бүгінгі жастар қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптамның танымайды және іздемейді.

## Әдебиеттер

Есқали Т. (2017) Заманауи жастардың ерекшелігі қандай?  
[https://massaget.kz/okushyilarga/jogargyi\\_syinyip/47891/](https://massaget.kz/okushyilarga/jogargyi_syinyip/47891/), 02.09.2017 ж.

Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. (2006) Қазіргі қазақ тілінің лексикалогиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 2006 ж. – 258 б.

- Мелиоранский М. (2011) Краткая грамматика казак-киргизского языка. – Москва, 2011 г. – 87 с.
- Ильминский Н. (1860) Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань, 1860 г. – 206 с.
- Байтұрсынұлы А. (1927) «Тіл-құрал». Сөйлем жүйесі мен түрлері. – Қызылорда: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1927 ж. – 72 б.
- Смағұлова Г. (2010) Мағыналас фразеолгизмдер сөздігі. – Алматы: «Елтаным» баспасы, 2010 ж. – 252 б.
- Уәли Н. (1982) Тіл заңдылығы мен сөз сыры. «Қазақ әдебиеті» газеті, 1982 жыл 22 қазан.

### References

- Esqali T. (2017) Zamanauı jastardyn ereksheligi qandai? [What is the peculiarity of modern youth? ] [https://massaget.kz/okushyilarga/jogargyi\\_syinyip/47891/](https://massaget.kz/okushyilarga/jogargyi_syinyip/47891/), 02.09.2017 j. (in Kazakh)
- Qaliev G., Bolganbaev A. (2006) Qazirgi qazaq tilinin leksikalogiasy men frazeologiasy [Lexicology and phraseology of the modern Kazakh language] – Almaty, 2006 – 258 b. (in Kazakh)
- Melioranski M. (2011) Kratkaia gramatika kazak-kirgizskogo iazyka [A brief grammar of the Kazakh-Kyrgyz language]. – Moskva, 2011 g. – 87 s. (in Russian)
- Iminski N. (1860) Materialy k izucheniu kirgizskogo narechia [Materials for the study of the Kyrgyz dialect]. – Kazan, 1860 g. – 206 s. (in Russian)
- Ahmet Baitursynuly (1927) «Til-qural». Soilem juiesi men turleri ["Language is a tool." System and types of offers]. – Qyzylorda: Qazaq memlekettik baspasy, 1927 j. – 72 b. (in Kazakh)
- Smagulova G. (2010) Magynalas frazeolgizmder sozdigi [Dictionary of semantic phraseological units]. – Almaty: «Eltanym» baspasy, 2010 j. – 252 b. (in Kazakh)
- Uali N. (16982) Til zandylygy men soz syry [The legality of language and the mystery of the word]. «Qazaq adebieti» gazeti, 1982 jyl 22 qazan. (in Kazakh)